




Газет 1936 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

№23 (7708)

# Балқаш өңірі

Қоғамдық – саяси, әлеуметтік – экономикалық газет

02 маусым 2018 Жыл



Бұдан бұрын хабарлағанымыздай 25-ші мамыр күні аудан көлеміндегі білім шаңырақтарында оқу жылының аяқталуына орай дәстүрлі соңғы қоңырау салтанаты болып өтті. Аудан орталығындағы Б. Бейсекбаев атындағы орта мектебінде аталмыш мереке «Сыңғырла соңғы қоңырау» тақырыбында ұйымдастырылды.

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ



Бұл мерекелік шараға аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Балқаш аудандық филиалының төрағасы Токпейісов Ғалым Қасымұлы, аудандық білім бөлімінің басшысы Зият

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайдағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты дәстүрлі Жолдауында осы заманға сай білім беруді дамыту тапсырмаларын айқындап

## 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

Әр отбасының әні мен сәнін кіргізіп, бақытты болашағымыздың негізін қалайтын біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз. Осыған орай жаздың алғашқы күні 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні аудан орталығы Бақанас ауылындағы аудандық Мәдениет үйінің алаңында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Нұрлы болашақ» республикалық акциясы болып өтті.



## БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Бір қуанарлығы бұл мереке жылдағыдан ерекше болды. Аудан әкімі Ғалым Токпейісовтың қолдауымен жүзеге асырылған

ақ тілегін арнаған аудан басшысы балаларды төл мерекелерімен құттықтап, бүлдіршіндерге деген ақ тілегін арнады.

көрсетті.

Әрбір үйге бақыт сыйлаған бал бөбектерге арналған мерекенің бір ерекшелігі – бүлдіршіндер сап түзеп алаңда шерумен жүріп өтті. Шеруге жалпы саны мыңға жуық бала қатысты.

Ұйымдастырылған осынау мерекелік іс-шараға, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде үйден





# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті - еліміздің бірінші классикалық университеті және барлық қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының бірінші лауреаты болып табылады.

Бұл жалғыз студенттік толыққанды кампусы бар университет. Студенттік кампустың аумағында білім алу үшін және де бос уақытты өткізу үшін барлық жағдай жасалған. Мысалға: қызмет көрсету орталығы, спорт залы, спорт алаңдары, заманауи медициналық орталық, кинотеатр, Орталық Азия өңіріндегі ең ірі ғылыми кітапхана. Ыстықкөл көлінің жағалауында университеттің пансионат пен спорт-сауықтыру кешені орналасқан. ҚазҰУ-да автоматтандырылған ақпараттық «Универ» Интернет жүйесі құрылған.

Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің «Есеп және аудит» мамандығының 2-ші курс магистранттарымыз. Біздің мамандығымыз ең танымал және де сұранысы көп мамандықтардың бірі болып табылатыны бәріне мәлім. «Есеп және аудит» кафедрасының базасында Практикалық Бухгалтерлерді дайындау орталығы жұмыс істейді. Оқу аяқталып, диплом алғанға дейін CIPA (Certified International Professional Accountant немесе Сертификатталған халықаралық кәсіби бухгалтер) дайындық бағдарламасы бойынша оқып, сертификатты алуға мүмкіндік жасалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті халықаралық Thomson Reuters агенттігінің «Ғылым саласындағы аса зор жетістіктері үшін» арнаулы дипломымен марапатталған Қазақстанның бірінші және жалғыз жоғары оқу орындарының бірі. АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Германия, Финляндия, Жапония және басқа да елдердің ірі халықаралық серіктестерімен бірге 56 ғылыми жоба орындалуда.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының 2-ші курс магистранттары: Ә.Алимханқызы, Б.Бекзатова, А.Зеймханова, С.Иркимбаева, Э.Нусупова. «Есеп және аудит» кафедрасының PhD докторы Н.Товма.*